



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. 卢福波《对外汉语教学实用语法》北京语言文化大学出版社 2002 年
3. 刘宝顺, 徐秀珍《现代汉语语法》新疆教育出版社 1987 年
4. 《汉哈对比语法》新疆教育出版社 1992 年
5. 徐绍建主编《大学语文导读》武汉大学出版社 2003 年
6. Т.Қалибекұлы. Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. (Синтаксис). - Алматы, 2004. - 197 б.
7. Т. Қалибекұлы. Қытайша-қазақша-орысша грамматикалық терминдер сөздігі. - Алматы, 2009. - 196 б.
8. Аханов К.Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996-239 б.

ӘОЖ 811.581'37

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ АСТАРЛЫ ТІРКЕСТІҢ (歇后语) СТИЛЬДІК ӨНІ

Джумагазиева Майра Батыровна

Maya_92.92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Қытай филологиясының 4 курс студенті

Қытай тілінде мақал-мәтелдермен, идеомалар секілді халықтық тіл байлығының бір түрі - 歇后语 (xié hou yu) сехоууй терминін сөзбе-сөз қазақ тіліне аударсақ «демалыс, үзіліс жасап барып сөйлеу» дегенді білдіреді. «Қытайша-орысша сөздікте» бұл сөзге (сехоууйге) «недомолвка,наме́к, недосказанное выра́жение» - деп аударма берген. Бұл аудармаларды қазақшаға аударғанда «бүкпе, толық айтпау», «ишара, ым», «аяқталмаған сөйлемше» болып келеді. Сехоууй терминін бұндай сөздермен қазақша тәржімаалау, атау беру, әрине сәтті аударма емес. Бүкпе, толық айтпауда ишара, ым секілді тілдік бірлік қатарына жатады. Тек олар ауыз-екі тілде сөйлеу процесінде пайда болып, дәл сол кездегі адам ойының тапсырмасын сөйлеу процесінде орындайды. Сехоууй мағыналық структуралық ерекшеліктеріне байланысты (негізгі бөлімде айтылған) және мақал-мәтел секілді халық тіркес қатарына кіретін тілдік бірлік екенін ескере отырып, оған «астарлы тіркес» деп қазақ тілінде атау беруге болады.

Астарлы тіркес өз стилистикасы жағынан тұрақты тіркес ретінде ауыз-екі тілдің бір құралы болып саналады. Астарлы тіркес халықтың мақал-мәтелі секілді пайда болып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін, халықтың тіл байлығын байытатын тіркес. Астарлы тіркес халық даналығының бір түріне жататын тұрақты тіркестердің бір бөлігі. Қытай мемлекетінің тарихи дәуірін суреттеп, дәріптейтін 西游记 (Xī yóu jì) Батысқа саяхат, 红楼梦 (Hóng lóu mèng) Қызыл сарай түсі секілді классикалық шығармаларда астарлы тіркестер көптеп қолданылған:

М: 八戒道: 这正是俗语云: 大海里翻了豆腐船 – 汤里来, 水里去.

Ba jie dao: zhe zheng shi su yu yun: da hai li fan le dou fu chuan – tang li lai, qu.

(«西游记» Батысқа саяхат)

М: 采霞咬着牙, 向他头上了一指头道: 没良心的!

狗咬洞宾不识好歹.

Cai xia jiao zhe ya, xiang ta tou shang le yi zhi tou dao: mei liang xin de!

Gou yao ding bin bu shi hao dai.

(«红楼梦» Қызыл сарай түсі)

Бірақ осы астарлы тіркесті қолданар алдында «Халық даналығы былай деген», «Дұрыс айтылған» секілді тіркестер келтіріледі. Әрине көпшілік бұл астарлы тіркестің бастау алатын негізі сол халық даналығы болып, осы халық даналығының бір түріне жатады дегенді мойындау шек келтірмейді. Бұған дәлел қытайдың классикалық көркем шығармаларда (жоғарыда келтіріліп кеткен мысалдар) астарлы тіркестің қолданылуы. Осыған байланысты астарлы тіркестің бастау алатын көздері өте ертеде жатқаннан білуге болады. Қандай да бір

көркем шығарма жазғанда, оның тартымды да көркем болып шығуы үшін сөзсіз сол халықтың бай шығармашылығына мәнді де нәрлі мақал-мәтелдеріне ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Чжоу Ян: «өте бір тартымды әдеби шығарма жазу үшін дайындық» - деген мақаласында «Тарихтың өн бойындағы шешендік сөздерді үйрену үшін небір мықты әдебиет жазушыларымыз өз уақытын шығарып, аз тер төккен жоқ» - дейді.

«Астарлы тіркестің ғасырмен тілдесуі» деген стилист Чжан Гуи-дің еңбегінде, бұл автор астарлы тіркестің стильдік қолданысын, көркем әдебиеттің құралы ретіндегі болмысына басты назар аударады. Чжан Гуи-и астарлы тіркестің екі бөліктен тұратын тұрақты тіркес деп, оның бірінші бөлігі образды мегзеу, ал екінші бөлігі сол образды мегзеудің мәнін ашатын тұрақты тіркес деп мінездеме береді [1. 35].

1954-1955 жылдары Қытайда «Халық әдебиеті» және «Мемлекеттік тіл» журналының беттерінде астарлы тіркес жайында тартыс кең өріс алды. Сол тартыстың барысында астарлы тіркестің семантикалық құрылымымен стилистикалық мінездемесіне көптеген пікірлер айтылған. Бұл тартыстың шығуына себепкер болған 1953 жылы әдебиетшілерінің II-съзінде Мао Дуньнің астарлы тіркес жайында «жаңа ақиқат пен жаңа міндет» деген тақырыпта жасалған баяндамасы болатын. Онда ол диалектілерге, дөрекі сөздерге өзінің қарсы пікірін айта келіп: «Астарлы тіркес те өзінің дөрекі өткірлігімен кең қолданысқа ие болды. Астарлы тіркес ол көркем әдебиет тіліне жатпайды, ол бір сөздің ойыны ретінде ғана қолданылады. Астарлы тіркестермен диалектілерді көркем әдебиетте қолдану, ол біздің халықтық әдеби тіліміздің көркемділігіне көлеңке түсіріп қана қоймай, жағымсыз естілетіндей дөрекілетіп, ластандырып жібереді» - дейді.

Мао Дуньнің бұл баяндамасындағы астарлы тіркесті жай бір сөздің ойыны ретінде қарау тұжырымы және астарлы тіркесті көркем-әдеби тілден бөліп тастауы «Мемлекеттік тіл» журналының беттерінде көптеген тіл зерттеушілердің наразылығын туғызды.

Чжоу Бо-шы өзінің «Астарлы тіркес – сөз ойыны» деген мақаласында Мао Дуньнің астарлы тіркес жайында жасалған баяндамасына үзілді-кесілді қарсы екенін білдірді. Ол астарлы тіркестерде терең мағына болып, тілге жан бітіріп, тілді көркемдеп образды мінез береді. Астарлы тіркесті өз орнына қолдану ол тілді түрлендіріп оқырманға бір терең із қалдырып әсер етеді. «Бұндай сөздер» - деп ол астарлы тіркестің меңзеп, «Ол – біздің еліміздің еңбекші халқымыздың даналығының айнасы» - деп жазды. Мақал секілді бұл да күнделікті өмір тіршілігінен шығып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тұрақты тіркестің бір бөлігі.

«Астарлы тіркесті сөздің ойыны деу оны әдеби көркем тілге қатысы жоқ деу, демек, біздің түсінуімізше астарлы тіркеске тән өткірлікті, жандылықты, мәнерлікті жоққа шығару, оның әдеби-көркем тіл үшін бағалығын жою» - деді Чжоу Бо-шы. Чжан Шоу-каң: «Астарлы сөздің әдеби көркем тілге қатысы бар ма, жоқ па?» деген мақаласында ол да Мао Дуньнің иақаласына астарлы тіркес жайында айтылған тұжырымына қарсы пікірде екенін білдіреді. Ол: «Астарлы тіркес халықтық тұрақты тіркестер жүйесіне еніп, жалпы халықтық тілдің бір бөлігін құрайды», - дейді [2. 9].

Чжан Шоу-каң Ло Хан-пейдің «қандайда бір әдеби шығарма жазу үшін, сөзсіз оның тартым да көркемділігі маңызды, ал ол үшін сөзсіз хатықтың бай шығармашылығына қысқа әрі нұсқа тұрақты тіркестерге, мақал-мәтелдерге көр көңіл бөлуіміз керек» деген Горькийдің сөзін мысалға алған Ло Хан-пейдің сөзін негізге ала отырып, астарлы тіркес жандылығына, өткірлігіне қарап, бұндай тіркестер «тілді құлпыртып әрлендіретін тұрақты тіркестер» - деген көзқарасын құптайды. «Сондай жазушылардың бірі, сөз өнерінің шешені Лу Син осы астарлы тіркестерді қолданғанда асқан шеберлік танытады» - дейді.

М: 今天要给文学做论坛, 明知不

Jin tian yao gei wen xue zuo lun tan, ming zhi bu

配做第二, 第三, 却仍得替状元

Pei zuo di er, di san, que reng de ti zhuang yuan

棒场, 一面又要顾及第三种人, 不能

Bang chang, yi mian you yao gu ji di san zhong ren, bu neng

示弱, 此所谓哑子吃黄连一苦说不出也.

Shi ruo, ci suo wei ya zi chi huang lian – you ku shuo bu chu ye.

Бұл жерде Лу Син мырзаның қодланып тұрған астарлы тіркесі:

哑子吃黄连一苦说不出也

(ya zi chi huang lian – you ku shuo bu chu ye) қазақтың «аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» мақалымен аударуға болады.

Сонымен қатар Чжан Шоу-кан: «Астарлы тікестің әдеби көркем тілге қатысы бар ма доқ па?» деген мақаласында астарлы тіркеске қолдау көрсеткенімен, сын таққан жерлері бар. Онда ол астарлы тіркестің артқа тартар кемшіліктері де жоқ емес, оның дйрекілігін адам дене тұрқы, келбеті, өскен ортасына қарай кемсіту, - дейді.

М: 麻子不叫, 麻子, 倾人

(ma zi bu jiao, ma zi, qing ren), сөзбе-сөз аударғанда, сепкіл бетті сепкіл бет деп атамайды, қисық адам.

乡下佬进城, 花了眼了

(xiang xia lao jin cheng, hua le yan), сөзбе-сөз аударғанда, ауыл адамы қалаға кірді; таңырқай қарау.

Осы секілді астарлы тіркестер, әрине, қоғамдық қатынаста күнделікті тіршілікте пайда болған, дегенмен уақыт өте бұндай астарлы тіркестер бірте-бірте жоюлуы мүмкін, - дейді Чжан Шру-каң.

Әрине, бұндай құлаққа тұрпайы естілетін мақалдар қай тілде болса да баршылық. Солардың ішінде қазақ тіліндегі кездесетін мақал-мәтелдерді мысалға келтірсек:

М: «Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дер», «Көршің соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» секілді мақа-мәтелдер ауыз екі тілде : «Саңырауға сәлем берсең демекші», «Көршің соқыр болса демекші» деп алғашқы бір бөлігі ғана қолдана беріледі. Ал, осы мақалдар Чжан Шоу-каңдың айтуынша, күндердің бір күнінде жойылып кетеді дегенге сенбейміз.

Жазушының халықтан ала-бөтен тілі жоқ, сонымен бірге оның шығармаларының тілі жалпы халықтық тілмен тепе-тең бола алмайды.

Фразеологизмдер, қанатты сөздер, астарлы тіркес халықтық тілдің шұрайлы бір элементі,яғнибұндай тұрақты тіркестерді халықтың тілімен тығыз байланыста қарастыру керек.

Сонымен бірге олардың өзгешілігін де айыра білген жөн, Бұларды қандай да бір көркем шығармада қолданылуда, біріншіден, шығарма жазушы автордың талғамына, екіншіден, шығарманың мазмұн-мақсатына, үшіншіден, жанрына байланысты болады. Жазушы сол шығармада айтпақ болған ойын, оқырманға білдірмек мақсатын жалпы халықтың тілімен әдеби тілдің бай материалын барынша мол пайдалана оытырып жазады. Ал, жазушы тілін түсінікті, әсерлі, тартымды қылып көрік беретін бейнелеу құралдарының бірі – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, идеомалар, астарлы тіркестер, Бұларды қолдануда жазушылар түрлі тәсілдерге барады [3. 19].

Фразеологизмдер, қанатты сөздер, идеомалар, астарлы тіркестер жалпы барлық стильде қолданылады, бірақ әр-қилы қызмет атқарады. Ғылым жіне ресми іс стилінде жалпы әдеби стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, сөйлеу тілімізде, ең алдымен, фразеологизмдердің, астарлы тіркестердің экспрессивті-стилистикалық жағынан аса зор мән беріледі. Әсіресе күнделікті ауыз екі сөйлеуде және кітаби тілде кездесетін астарлы тіркестердің мүмкіндіктері қатты ескеріледі.

Тұрақты сөз тіркесіне жататын мақал-мәтелдер, идеомалар секілді астарлы тіркесте стилистикалық мақсатта, барлық жанрда қолданылады. Өте икемді қысқа орамдар көркем әдебиетте өзі тіленіп тұрады.

Көркем әдебиетте астарлы тіркестерде мақал-мәтелдер, идеомалар секілді кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, психологиялық мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін суреттеу үшін қолданылады.

Қолданылған әдебиет

1. Дәулетова П. «Қытай және қазақ тілдері фразеологизмдеріне лексикографиялық салыстырмалы талдау», 1999
2. Семанс А.Л. Лексикология современного китайского языка. М.Наука, 1992
3. Баранова З.Ию Чэньюй - как раздел фразеологии в китайском языке.

УДК 811.581'373.2

ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ МӨЛШЕР СӨЗДЕРДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дүйсек Түлек

t.duisek@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай тілі кафедрасының
оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қытай тіліндегі мөлшер сөздердің шығу мен дамуы.

Қытай тіліндегі заттық мөлшер сөздерді сауыт-сүйек жазбаларынан(甲骨文) кездестіреміз. Бұлар заттық мөлшер сөздер тұрмыстағы қажет бұйымдардың, сауда-саттықта қолданылатын сөздердің негізінде пайда болғандығының дәлелі.

Ең алғашқы пайда болған мөлшер сөздердің өзіндік ерекшеліктері бар, яғни олар зат есімнен жасалғандығы анық байқалып тұр.

Ежелгі Қытайда ұлудың қабығы мен асыл тастар ақша бірлігі ретінде қолданылған. Сондай-ақ, ол табиғи көріністердің мөлшерін білдіру үшін де пайдаланылған. 羌百羌[qiāng bai qiāng] цяннан жүз цян (ян-қытайдың бір ұлты), 田十田[tian shi tian] атыздан он атыз алдыңғы 田 [tian] заттың өзін білдірсе, соңғы 田 [tian] мөлшерін білдіріп тұр.

Заттық мөлшер сөздердің дамуы аса күрделі, әрі ұласпалы. Себебі қоғамда мөлшерді өлшеудегі бірліктердің көбеюіне байланысты өлшем бірліктері де көбейген. Табиғи көріністерге, заттардың бейнелеріне қарай 个 [ge], 口 [kou], 张 [zhang], 年 [nian] жиі қолданылатын жекелік мөлшер сөздер пайда болып, дамыды.

Көне қытай тіліндегі мөлшер сөздер.

Екі хан (两汉) дәуірі кезінде сан мөлшер сөздерінің саны көбейіп, атқаратын қызметі нақтыланып, өзінше даралана бастады. Мысалы, 马 - 匹 атқа [pǐ] мөлшер сөзі, 牛 - 头 сиырға [tóu] мөлшер сөзі, 羊 - 头 қойға [tóu] мөлшер сөзі қолданылған. Бұл мөлшер сөздердің Чин (先秦) дәуірінде пайда болып, кейінгі Хан дәуірінде де өз қасиеттерін сақтай отырып дамыған. Жануарларға қатысты мөлшер сөздер: 马称匹 [ma - pǐ] жылқыға 匹 pǐ; 羊, 牛称头 [yang, niú - tóu] қойға, сиырға 头 мөлшер бірліктері қолданылған. Мұндағы tou сөзі әуелде дене мүшесі бас мағынасын берген, кейін сиыр мен қой сөздерімен тіркесіп, сол жануарлардың мөлшерін көрсетуде қолданылған. Оларды төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Зат есімдердің мөлшерін шамалағанда, сан есімді қолдану әдісі әлі кең көлемде жүйелі арнаға түспеген кез;

2. [数词+量词] «сан есім + мөлшер сөз» құрылымы зат есімнің алдында қолданылған, бірақ салыстырып қарағанда, бұл құрылымының әлі де зат есімдердің соңынан қолданылуы жиі кездеседі;

3. Мөлшер сөздер әлі де кемелдену деңгейіне жетпеген, орны нақтыланбаған мөлшер сөздердің біразы әлі де болса сақталып қалған. Бір-біріне ұқсамайтын зат есімдерді бір сөйлемнің ішінде мөлшерлеген кезде, оны тек қана бір мөлшер сөзбен білдіруге болады. Мысалы, 车马二百五十五匹 [che ma er bai wu shi wu pi] Арба атымен – 250. Бұл мысалда